

Кредиттік серіктестіктердің жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшері туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 13 қазан N 391. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қараша N 1289 тіркелді. Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 9 қазан N 381. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қараша N 1290 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы 2003 жылғы 4 шілдедегі N 223 қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және олардың клиенттерінің мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңадан құрылатын мынадай серіктестіктер үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшері былайша белгіленсін:

- 1) кредиттік-депозиттік серіктестіктер үшін - 100 млн. теңге;
- 2) кредиттік серіктестіктер үшін - 100 млн. теңге;
- 3) ауылдық кредиттік серіктестіктер үшін - 1 млн. теңге.

2. Меншікті капиталының ең аз мөлшері былайша белгіленсін:

- 1) кредиттік-депозиттік серіктестіктер үшін - 100 млн. теңге;
- 2) кредиттік серіктестіктер үшін - 10 млн. теңге;
- 3) ауылдық кредиттік серіктестіктер үшін - 1 млн. теңге.

3. Осы қаулының 2001 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енгізілетін 2-тармағының 2) тармақшасынан басқасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

4. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұ й ы м д а р ғ а

ж і б е р с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК